



«БЕКІТЕМІН»
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
«КӨШБАСШЫ ОҚУШЫЛАР
ҚОЗҒАЛЫСЫ» БАСШЫСЫ

А.САЙФУЛЛА

« 29 » _ҚАРАША_ 2021 ЖЫЛ

(Ресми логотипі)

Жоба атауы: «Көшбасшы Оқушылар Қозғалысы»

Ауқымдылығы: Түркістан облысы

Құрылған күні: 19 қараша 2021 жыл

Негізін қалаушы: Айбарыс Сайфулла

Көзделген аудитория: мектеп оқушылары, белсенді жасөспірімдер

Бағытталған салалары: Қоғам, Білім, Ақпарат, Өнер, Саясат, Мәдениет

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Ереже «Көшбасшы Оқушылар Қозғалысы» мақсатын, міндеттерін, жұмыс тәртібі мен талаптарын анықтайды және мүшелеріне жұмыс жасау жүйесі үшін ұсынылады.

«Көшбасшы Оқушылар Қозғалысы» – көзделген мақсаттармен, еркін негізде бастау алған өзін-өзі құраушы, өзін-өзі басқарушы, ашық, демократиялық қоғам.

«Көшбасшы Оқушылар Қозғалысы» – оқушылардың тұлғалық дамуын, ұйымдастыру қабілетін, дарын мен дағдыларын, шығармашылық істерін жетілдіру. Көшбасшы оқушыларды қолдап, құқықтары қорғалатын, демократиялық, ашық қоғам қалыптастыру болып табылады.

2. «Көшбасшы Оқушылар Қозғалысы» мақсаты мен міндеттері:

Оқушыларды үздіксіз дамуға, қоғамдық өмірге бейімдеу және жүйелі шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру, жауапкершілікке дағдыландыру.

Міндеттері:

1. Оқушыларға мүмкіндіктер, жобалар дайындау;
2. Қоғамдық жұмыстар мен белсенді саяси өмірге қызығушылықтарын арттыру;
3. Үздіктердің қоғамдық, шығармашылық, бастамаларын, жаңа жобаларын қолдау;
4. Бағытталған салалардағы белсенділердің әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету, ұйымдастыру, креативтілігі мен іскерлік қабілеттерін жоғарылату;
5. Ынтымақтастық бірлік орнату, барлық ауқымды мәселелерді шешу;
6. Уақытты үнемді әрі пайдалы өткізіп, еңбек ету, бағыттар бойынша көптеген жұмыстарға қатысып тәжірибелерін арттыру;
7. Алған білімдерімен жаңа жобалар дайындап, жұмыс жасауын көздейді.

3. Негізгі ұстанымдары

1. Қайсарлық
2. Шығармашылық
3. Бірлік
4. Еңбекқорлық
5. Мәдениеттілік

4. «Көшбасшы Оқушылар Қозғалысы» қызметтік тәртібі

1. Барша мүшелер жоба басшысының шешімі негізінде жұмыс жасайды;
2. Әр аудан/қала лидері ай сайын жоба мүшелерімен жиналыс өткізіп, өзекті мәселелер мен сұрақтарды талқылап, шешу жолдарын қарастырады;
3. «Көшбасшы Оқушылар Қозғалысы» өз құрылымы, ережесі, жоспары, төсбелгісі, логотипі, жоба мүшелерімен келісім шарты, әлеуметтік желілері болады;
4. Оқушылар үшін және әр аудан/қала құрылымы нәтижесіне лидерлері жауапты;
5. Әрбір оқушы өз шешімі негізінде жұмысын тоқтата алады.

5. «Көшбасшы Оқушылар Қозғалысы» жұмыс бағыттары

Мәдениет, Қоғам, Білім, Өнер, Ақпарат, Саясат

6. Әкімшілік атқарушы қызметтік құрылым

1. Облыстық жоба басшысы
2. Бірінші орынбасары
3. Екінші орынбасары
4. Үшінші орынбасары
5. Баспасөз хатшысы
6. Іс жүргізуші
7. Қоғам және саясат бөлімі
8. Білім және ақпарат бөлімі
9. Мәдениет және Өнер бөлімі

7. Командалық құрылымы

1. Команда лидерлері
2. Лидердің орынбасары
3. Үйлестіруші менеджер(Ұйымдастырушы)
4. PR менеджер (БАҚ қызметі)
5. Өзгеде белсенділер (лауазымның басқада түрлері қосылады)

8. «Көшбасшы Оқушылар Қозғалысы» нұсқаулығы:

1. Әр апта сайын, жоспарға сәйкес лидер және әр орынбасарлар жеке міндеттеріне байланысты іс-шаралары мен жүргізілетін жұмыс түрлеріне есеп беріп отырады.
2. Командалар атқарған жұмыстарының қорытындысы шығарылып, талданып, бірыңғай әлеуметтік желілерде, баспасөз беттерінде мақала таралуы қажет.
3. «Көшбасшы Оқушылар Қозғалысы» филиалының біртұтас жүйесін басқарып, команда мүшелерінің атқарып жатқан жұмыстарын бақылап, жинақтап, әр тоқсан сайын есеп беру, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын айқындап, қадағалау *Лидерге* міндеттелсін.
4. Оқушылардың жетістіктері мен ұсыныстары, белсенділігі, ішкі тәртіпті бақылау және іс-шара, жобалардың тұрақты әрі уақытылы жүзеге асыруын қадағалау, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу *орынбасарларға* тапсырылсын.
5. Жоба құрылымының келісім шарттары мен клуб мүшелерінің уақытылы келу, кетуі, жоспар бойынша жұмыс жүргізілуі қадағаланады.
6. Атқарылған іс-шаралар, жаңалықтар мен хабарландырулардың әлеуметтік желілерде жариялануы *PR менеджерге* жүктеледі.
7. Лауазымды қызметтерден бөлек белсенді оқушылар, бағытталған салалар бойынша жоғары нәтиже көрсетіп, тапсырылған жұмыстарды атқаруы тиіс.

9. Команда мүшелерінің құқығы:

- Филиалдың әр ішкі құрылымдарына өз қалаулары бойынша ұсыныс айта алады;
- Команданың түрлі мәселелері мен арыз шағымдарын лидерге жеткізе алады;
- Жұмысты дұрыс атқармаған жағдайда, тағы мүмкіндік сұрауына рұқсат етіледі;

10. Команда мүшелерінің міндеттері:

- Өзінің және өзгелердің ар-намысын, абыройын қорғауға;
- Айтылған сөзі, атқарылған ісінен артық кетпеуге;
- Барша мектеп оқушыларына, кіші буынға қамқор болуға;
- Әрқашан айналасына көмек көрсетуге;
- Өз құрылымының иесі болуға, еңбекке құрметпен қарауға, басшылықтың абыройларын сыйлауға, достары және жақындары мен тату болуға;
- Жолданған істерді жақсылап, уақытылы атқаруға;
- Команда мүшелерімен өзара бірлесіп жұмыс жасауға міндетті.

11. Атаулы жұмыстарда қалыптасатын құндылық, қабілеттер:

1. Тұлғалық даму, Мәдени мұра, Рухани байлық
2. Қоғамдық ортада сөйлеу, өзіңе сенімді болу, Этика Эстетика
3. Еңбек тәжірибесі, Бәсекелестік
4. Білім, Дарын мен дағдылар
5. Жетістікке, қызыққа толы күндер, бақытты жастық шақ
6. Достық, жолдастық, іскерлік қатынас
7. Жауапкершілік, Үлгілі іс, Еріктілік

Байланыс мәліметтері:

Қосымша ақпарат алу үшін:

+7 776 000 9608 Жұматай Рамазан (басшы орынбасары)

aibarys.saifulla@bk.ru Облыстық жоба басшысының эл. поштасы